

Жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 195 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 29 маусымда № 14-1-162 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 707 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 15.04.2016 № 707 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 19 бабының 2 тармағына сәйкес қала әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шымкент қаласында барлық маршруттар үшін жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифі келесі көлемде белгіленсін:

- 1) 2012 жылғы 1 шілде - 1 қазан аралығында 45 теңге;
- 2) 2012 жылғы 1 қазаннан бастап 50 теңге.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары
Ғ.Сәметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ.Молдасейтов

КЕЛІСІЛДІ

Шымкент қаласы
мәслихатының хатшысы

Н. Бекназаров

"14" маусым 2012 жыл